

Өлең сөздегі түркілік сарынның зерттелуі

Қазақ әдебиетінің түркілік дүниесі сөз өнерінің тарихымен тікелей тамырлас болғандықтан, түркі поэтикасының туу тарихы мен тарихи алғышарттары зерделенсе де, ғылыми түйінін табуға тиісті мәселелері әлі де жетерлік. Түркілік таным мен рухани дүниесінің антикалық дүние, ежелгі заманалар мәдениетімен шарпысып, қанаттасып, үндесіп түсетін семиотикалық көріністерді көруге болады.[1,16] Демек, мұнда қазақ әдебиеті мен мәдениеті ғасырлар бойы Шығыстан сусындап, солармен сарындас болып жатқанын аңғарамыз.

Осы тұрғыдан алғанда, академик Зәки Ахметов қазақ әдебиетінің өрісін, аясын үнемі кең мағынада қарастырған ғалым, сол себепті әдебиеттегі халықаралық байланыстарды мәдениетті, әдебиетті байытатын, өрісін көтеретін құбылыс деп бағалады. Әсіресе, қазақ әдебиетінің Ресей, Батыс мәдениетімен байланысы туралы ғана айтылып жүрген шақта «Қазақ әдебиетінің тарихына» «Қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы» деген тарау жазып әрі әдебиет тарихына, әрі әдеби байланысқа қатысты көптеген қызықты дерек пен мысалдар келтіріп, ұлтымыздың әдебиеті – күллі Шығыс мәдениетінің бөлшегі екенін, одан үнемі нәр алып тұрғанын дәлелдеп шықты. Тіпті бертінгі кездің өзінде қайта-қайта поэзия теориясына көңіл бөліп, 1994-1995 жылдары «қазақтың жыр» өлшемін түрік өлеңімен және «Манастың» өлеңдік құрылымымен салыстырмалы түрде зерттегені мәлім. Мәселен, бұған дәлел ретінде әдебиетшінің ырғақ негізінде айтқан пікіріне жүгінсек: «Қазақ поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын, яғни ырғақ буын санымен өлшенеді. Сондықтан қазақ өлеңі силлабикалық (силлабо – грекше «буын» деген сөз) жүйеге жатады. Буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазақ поэзиясына, басқа түркі тілдес қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, әзербайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде, сонымен қатар француз, чех сияқты халықтардың тілінде де қолданылады» дейді [2,126]. Осыған орай, ғалымның біз сөз етіп отырған өлең сөздегі түркілік сарынның өлшеміне байланысты: «Түркі тілдес халықтардың поэзиясында ежелгі заманнан қолданып келе жатқан өлең өлшемдерінің ең көнесі – жеті буынды өлең. Өйткені ол – түркі тілдес рулар мен тайпалардың көне заманнан сақталған поэзиялық үлгілерінде кеңінен тараған өлшем».[2,143] Ал өлшем туралы айтқанда автор жалпы түркі тектес халықтардың поэзиясындағы өлшем түрінің ең көнесі жыр мен қара өлең үлгісі екенін айтады. Автор бұл ойын көптеген түрколог-ғалымдар пікірімен растайды.

Мәселен Шығысты зерттеуші Т.Ковальский түркі тілдес елдердің поэзиясында ұйқас көне заманда-ақ қалыптасып, өзінше бөлек сипат алып, содан бері қолданылып келеді деген [3, 150] Ал осы тектес пікірлерді Е.Э. Бертельс, В.М.Жирмунский сияқты ғалымдардың еңбектерінен де кездестіреміз дейді Зәки Ахметов. Осы тектес тағы бір ғалымның сөзінде: «Егер жеті буынды өлеңнің барлық түркі елдерінің арасында мол жайылғанын еске алсақ, бұл түркі өлеңінің ең бір негізгі және көне өрнегі екені айқындалады». [4,69] Мұндай пікірді Корш те құптайды. Жеті буынды өлеңнің өрнегі 4 буын қосылған 3 буын болып келетін түрі жайлы айта келіп, Ф. Корш оны «түркі елдеріне ортақ жеті буынды өлеңге тән ең көне» [5,14] ырғақ дейді. Ал осы ырғақ түркі елдерінің поэзиясында көп қолданылатын болса, қазақ поэзиясында ол жеті буынды өлеңде негізгі өрнек болып табылады.

Егер тарихқа үңілсек, қазақ поэзиясындағы түркілік сарындар ежелгі сақ, ғұн, түркі тайпаларының мемлекеттік құрылымдары дәуірлерінде сан ғасырлар бойы қалыптасқан. Ежелгі дәуірлердегі мәдени-әдеби жәдігерліктер, қазақ әдебиетіндегі ата-бабалық дәстүрлі сарындардың кеңейе, тереңдете жырлауына ықпал етті. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы енді ұлттық

мәдениетіміздегі осындай поэтикалық үрдістерді қазіргі және болашақ ұрпақтардың санасына сіңіру мұратын алға қойып отыр.

Ал көне түркі дәуірлерінен жеткен сарындарға құлақ түрсек, елін, жерін қорғау, азат ғұмыр кешу, ел іргесін кеңейту сияқты мемлекеттік мәселелердің бел ортасында басы ноктаға сыймайтын батырлар қаһармандықпен қамал алған қолбасшылар тұлғалары өркештеніп көрінеді. Мұнда халықтың бейбіт өмір сүру, бақуатты тұрмыс құру, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» тыныштықты аңсау сарындары жатыр [6,13].

Осы тұрғыда Зәки Ахметовтың мынадай пікірі бар: «Өлең тілі, оның сөз кестесі, жалпы поэзия, әдебиет сияқты халықтың өмірімен біте қайнасып жатады».[2,13] Яғни өлең сөздегі сарынды қарапайым халық қана өмірге әкелетіні айдан анық.

«Қазақ поэзиясының сөз кестесі мен өлең құрылысының түпкі негіздері ерте заманда, көне дәуірде қалыптасқанын дәлелдейтін мысалдар аз емес. Айталық батырдың сұрапыл қайратын, жүректілігін арыстанмен, жолбарыспен теңеу секілді бір алуан бейнелеу тәсілдері көне заманнан қалған, ескі түрік тайпалары туғызған әдеби нұсқаларда кездесе береді» [2, 41].

Әрісі көне Шығыс, берісі Еуропаның үлкен ақындарының тәжірбиесі арқылы әлемдік поэзия дәстүріне енген тұтастану (циклизация), идеялық бейнелік құрылым, сезім, көңіл күй қақтығысы, тартыс эволюциясын берудегі түзімділік тұтастық материалдарды орналастырудағы романдық құрылым сияқты талаптар қазақ поэзиясына Мағжан арқылы дендеп енсе, кейінгі ақындарымыз осы үрдісті тұтас тенденцияға айналдырды десек қателеспейміз.

Ғалым пікірі бойынша, мәтінге сүйенсек, қазақ поэзиясында ХХ ғасыр 80-90 жылдарында әлемге өркениет жетістіктері мен кемшіліктерін және ғасырлар қойнауында қалған көне түріктердің ержүрек рухын тірілтумен бірге сол қуатты сарын арқылы бүгінгі күннің күрделі де қиын құбылыстарын жырлауды басты нысана етіп алған Темірхан Медетбек, Жанат Әскербекқызы сынды ақындарымыздың өлеңдерінде кездеседі. Соның ішінде іргелі түркілік ұғымдардың бірі болып табылатын Көк бөрі – түркі-монғолдардың жер мен жайылымға қорықшы болатын батырлық пен билік туралы ұғымын бейнелейтін ең күшті тотемдердің бірі. Алдымен Темірхан Медетбектің өлеңінде алты-жеті буынды аттамалы ұйқаспен жазылған «Шарасыздық» өлеңінде

- Ақ қар, көк мұзда 5(а)
Қақпаннан босай алмай 7(б)
Жүзінде қан сөлі жоқ 7(в)
Боп-боз айға қарап 6(г)
Бөрідей ұлып тұрмын 7(д) [7,99].

Ал келесі бір «Мен сондай болдым» өлеңінде

- Қайтпадым! 3(а)
Омыртқамды 4(б)
Күтірлетіп үзді 6(в)
Қабырғаларымды 6(г)
Біртіндеп үзді 5(д)
Бірақ ештеме айтпадым 6(ж)

Қарыстым! 3(а)

Өліп бара жатып та 7(б)

Бөрідей алыстым 6(а) [7,56].

Медетбектің елдіктің, ерліктің ерен жыры «Көк түріктер сарыны» атты жыр жинағында ұшқыр, қайратты сезімдерге бой алдыратыны анық, өткен тарих пен бүгінгі күнді байланыстырады. Себебі, ХХІ ғасырда Көк түріктер ренесансының өркениеттік арнаға түсіп қалыптасуының бүгінгі күндегі алғышарттарының бірі. Негізінде заманында Көк түріктер осылай болған. Яғни жалпы түркі халқының характерін, психологиясын ақын образды түрде дәл сипаттаған. Бұл сарын Күлтегін жырында бар. Онда бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген деген өр идея айтылған. Мұнда автор өзін батырлықтың символы ретінде бөріге теңейді. Ал осыған байланысты Зәки Ахметовтың мынадай пікірімен ұштасып жатыр: «Қазақ поэзиясының сөз кестесі мен өлең құрылысының түпкі негіздері ерте заманда, көне дәуірде қалыптасқанын дәлелдейтін мысалдар аз емес. Айталық батырдың сұрапыл қайратын, жүректілігін арыстанмен, жолбарыспен тенеу секілді бір алуан бейнелеу тәсілдері көне заманнан қалған, ескі түрік тайпалары туғызған әдеби нұсқаларда кездесе береді» [2, 41]. Осы идеяны ары қарай дамыта түскен ақын Жанат Әскербекқызының «Қаңтардағы қызыл гүл» өлеңінде:

Көк бөріге сыйынып, 7(а)

Көкке қарай қол жайдым 7(б)

Көкірегімде күй ұлып, 8(а)

Заман зарын толғаймын. 7(в)

Көктүркінің ұланы неге болмадым, 12(а)

Бөрілі туды көтеріп, 8(б)

Бөрідей жауға тиетін 8(в)

Шығыршығы торғай сауыт киетін 11(в)

Көк бөрі болып ұраным, 8(а)

Көк көлді көктей өтер ем 8(а)

Асау көк болып пырағым 8(а)

Балқан – тауға да жетер ем, 8(а)

Төсегінен түңілген 7(б)

Адам жүрер жерлерге 7(в)

Көк байрақ тігіп кетер ем... 8 (а) [8,45].

Ақын бұл шумақтағы түркілік символдық белгісі көк бөрі, яғни түрікшілдікке тән батырлық, жауынгерлік, отансүйгіштік характерді образды түрде өте шебер, рухани, патриоттық сезімі жоғары сипатталған. Одан ары мынадай жолдармен жалғастыра түседі

Көк байрақ қылып көтерер едім арымды, 13 (а)

«Көк бөрі тегім, қолда» деп, 8 (б)

Қамалмас едім 5 (в)

Қайраттан ада сорға көп, 8 (б)

...Көк түсті дәуір сағым боп кеткен, қай тегін, 13 (г)

Күңіреніп тұрмын 6 (д)

Көк бөрінің қаңқасы қалған орға кеп. 12 (б) [8,46].

Екі ақынға ортақ нәрсе екеуі де түркілікке тән характер сомдауда «бөрідей», «көк бөрі» теңеуін пайдаланады. Өлең өлшемдеріне келсек, екі ақынның да өлеңдері бірдей буынды емес, үш буынды жолдан бастап он үш буынға дейін кездеседі. Яғни көбіне аттамалы мен тармақты ұйкастар көптеп ұшырасады. Осыған байланысты Зәки Ахметов мынадай пікірі бар: «Қазақ поэзиясында біздің заманымызда он бір, жеті-сегіз, жеті, алты, буынды өлшемдермен қатар тоғыз, он, он үш буынды өлшемдер де қолданылып жүр. Сонымен бірге бұрыннан белгілі өлең түрлері кейде басқаша өрнектеліп ырғағы өзгертіліп те қолданылады» дегенге сай келеді [2,165].

Қорыға келе, түркілік таным мен рухани дүниесінің антикалық дүние, ежелгі заманалар мәдениетімен шарпысып, қанаттасып, үндесіп түсетін семиотикалық көріністерді көруге болады. Қазақ әдебиетінің түркілік дүниесі сөз өнерінің тарихымен тікелей тамырлас болғандықтан, түркі поэтикасының туу тарихы мен тарихи алғышарттары зерделенсе де, ғылыми түйінін табуға тиісті мәселелері әлі де жетерлік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көне түркі жазба ерекшеліктері: Жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары (Халықаралық конференция материалдары) Алматы, 2005.
2. З.Ахметов Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы. Алматы, 1973.
3. А. Линин. К вопросу формального изучения поэзии турецких народов. «Известия Вост. фин. Азерб. гос. ун-та», т., 1926, стр.150
4. Гордлевский. Из наблюдений над турецкой песнью «Этнографическое обозрение»1908, №4. 79-книга.
5. Корш Ф. Древнейший народный стих турецких племен, СПб. 1909, 1-29 бб.
6. Қайырбеков Әділғазы Жақсылықұлы. Тәуелсіз жылдар қазақ поэзиясы ізденістер мен проблемалар. Алматы, 2004.
7. Темірхан Медетбек. Көк түріктер сарыны. Алматы, 2005.
8. Жанат Әскербекқызы. Қаңтардағы қызыл гүл. Астана. «Елорда», 2001.

Resume

In this article is considered the turkism motive in Kazakh poetry and is analyzed of particularities theoretic Z. Ahmetova.

Резюме

В статье рассматривается категория мотива. В частности автор анализирует тюркские мотивы в казахской поэзии.

Özet

Bu makalede Kazak şiir türkizm güdü olarak kabul edilir ve özellikleri teorik Z.Ahmetova analiz edilmiştir.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

Абай
